

Андатпа

Дипломдық жұмыста НКМЗ 2Ц-5*2,3 типті шахталық көтергіш машинасының электр жетегі жүйесі зерттелген және энергияны үнемдеу мәселесі қарастырылған: фазалық роторлы электр қозғалтқышын реттелетін қозғалтқышқа ауыстырылу барысында электр энергиясының үнемделуі есебі көрсетілген. Жиілік түрлендіргішінің қолданудың экономикалық нәтижесі: бұзылудың және жабдық апатының қысқартылуы, скиптің бастапқы жылдамдық алу және тежелуінің реттелуі; электр энергиясының үнемі 4%-ға төмендейді және электр қозғалтқыш роторы сырғуының барлық қуаты ротор кедергісі мен қозғалтқышты жылытуға кетпей, жиілік түрлендіргіші арқылы 6кВ 50 Гц қоректендіру желісіне қайтады.

Электр жетектің қолданысының келесі нұсқалары ұсынылған:

- а) ФР АҚ және кернеуді транзисторлы терістеуіштерімен;
- б) Контакторлы реверсор және ротордағы жинағыш терістеуіш арқылы ФР АҚ статорын 6 кВ 50 Гц жүйесіне қосумен;
- в) ФР АҚ қысқа тұйықталған статорымен және ротордағы жинағыш терістеуішпен;
- г) ФР АҚ статорында жинағыш төменгі вольтты терістеуішпен және роторында жинағыш төменгі вольтты терістеуішпен ;
- д) шахталық көтергіш машинасының электр жетегінде қос қоректенуші машиналары.